

### «Көрұғлы» жырындағы кейіпкер достарының образы

«Көрұғлы» эпосының сюжетін байытып көрсететін басты кейіпкердің достарының образы екені белгілі. Олардың әрқайсысының образының ешкімге ұқсамайтын өзіндік реңкі, бояуы бар. «Көрұғлы» жыры осыншама түрлі образдардың тоғысуының нәтижесінде шытырман оқиғаларға толы болып келеді. Эпостағы кейіпкердің достарының образдары ретінде Ғайып ерен, Қырық шілтен, Ілияс, Бабалы, туыстары саналатын Күләйім, Баршагүл, Ғаждамбек, Бозұғлан, Ақбілек, сондай-ақ, Сапабек және қырық жігіт, Қызылбай, Безерген, Бандүр Шаһманды айтуға болады.

Р.Мәзқожаев нұсқасында өлі шешеден көрде туған балаға рухани күштер жар болып жеміс береді. Анасының төсінен сүт шығып, сонымен қоректенеді. Шілтендер баланы алақанына салып аялап өсіреді. Бабалы мен Күләйім баланы ұстай алмай шерменде болғанда Күләйімнің төсіне шілтендер аян беріп, Көрұғлыны қалай ұстаудың жолын көрсетеді [1. 69-71 бб.]. Көрұғлы Райхан арабқа аттанарда да қырық шілтеннің батасын алады.

Осы эпизотта Қырық шілтендер Көрұғлыға «тілегінді айт, біз қол жайып, Құдайдан сұрайық» дейді. Көрұғлы: «Жасым ұзақ болсын, соғыстан қайтпайтын ер болайын» деп тілек тілейді. Қырық шілтендер: «Үшінші тілек ретінде перзент сұра» дегенімен, Көрұғлы «әйел жолдан, бала белден» деп балаға бей-жай қарайды [1. 102-103 бб.] Жырдың фабуласына қарайтын болсақ, Көрұғлының жасы ұзақ болып, соғыста ешкімнен жеңілмейтін батыр болады. Бірақ, перзентсіз өтеді. Яғни, Қырық шілтеннің дұғасы қабыл болғанын көреміз.

Ә.Жүргенбаев нұсқасында Көрұғлы көрмекенде рухани күштердің көмектескені жырланбайды. Дегенмен, Көрұғлы Райхан арабтан кек қайтару үшін сапарға шыққанда, шілтендер батырға батасын береді [2. 67 б.]. Бұл нұсқада шілтендер Көрұғлыдан тілегінді тіле дегенінде, Р.Мәзқожаев нұсқасындағыдай батыр жасының ұзақ һәм соғыстан беті қайтпайтын ер болуын сұрайды [2. 68 б.]. Ә.Жүргенбаев нұсқасындағы осы эпизотта шілтендер Көрұғлыдан Құдайдан перзент тіле дегенінде, Көрұғлы «Әйел жолда, бала менің белімде» деп кіндігінен ұрпақтың тарауына немқұрайлы қарайды [2. 68 б.]. Құдайдан бала сұрамауына байланысты Көрұғлы өмірден перзентсіз өтеді. Бірақ, Р.Мәзқожаев және Ә.Жүргенбаев нұсқасында да Көрұғлы ұзақ жасаған һәм соғыс майданында ешкімнен жеңілмеген батыр ретінде сомдалады. Яғни, эпоста рухани күштердің батырдың өміріне зор ықпал еткені байқалады.

«Көрұғлы» жырының нұсқаларының ішінде М.Ж.Көпеев пен Е.Есенжолов нұсқасының сюжеті бір болып келеді. Осы нұсқаларда батырдың рухани көмекшілерінің қызметі біркелкі жырланады. Көрұғлы өлі шешесінен көрде туғанында, Ғаусыл ағзам, қырық шілтендер баланы жемістің шырынын беріп, анасының төсінен сүт шығарып, бағып қағады [1. 152 б.].

Бозұғлан көрде туып тағы болып кеткен жиенін ұстай алмай қиналғанда, қырық шілтендер көрдің аузына арыстан болып жатып алып, Көрұғлының адамдарға қосылуға үгіттейді. Бұл эпизот екі нұсқада да бірдей [1. 161 б, 12. 95-96 бб.]. М.Ж.Көпеев нұсқасында Көрұғлының Райхан арабқа аттанарда қырық шілтендерден рұқсат алғаны

туралы да жырланады [1. 180 б.]. Демек, Көрұғлының маңызды істер бойынша рухани күштермен кездескенін көреміз. Профессор Фузули Баяттың пікірінше халықтың сопылық танымы бойынша көзге көрінбейтін, барлық жерде бола алатын қырық шілтендер ақиқат үшін күрескен қаһармандарды және таңдаулы тұлғаларға ұдайы демеп, желеп-жебеп жүреді [3. 89].

Көрұғлы жырының нұсқалары ішінде сюжеті жағынан «Хикаят Көрұғлы сұлтан» нұсқасының өзіндік ерекшелігі бар екені белгілі. Бұл нұсқада да Көрұғлының рухани көмекшілері ретінде Ғаусыл ағзам, қырық шілтендер сөз болады. Көрұғлы қырық жасқа келгенінде рухани күштер арқылы Құдайдан: «әуелі өмірім ұзақ болсын, екінші даңқым болса...» деп тілек тілейді. Осы эпизот Р.Мәзқожаев, Ә.Жүргенбаев, М.Ж.Көпеев, Е.Есенжолов нұсқаларында бар болғанымен, «Хикаят Көрұғлы сұлтан» нұсқасында тілек айту эпизотында Көрұғлы қырық жасында болады. Сондай-ақ, рухани күштер ретінде қырық шілтенмен бірге, Қызыр (с.а.у) және он екі имамның аты аталады. Осы жердегі рухани күш ретінде көрсетілген «он екі имамның» аты өзге нұсқаларда айтылмайды. Негізінен он екі имамға сену сунниттікі емес, шиғалық сенім болып табылады. Олай болса, «Хикаят Көрұғлы сұлтан» нұсқасында шиғалықтың белгісі бар деген сөз. Алайда, осы нұсқадағы Көрұғлының Хұнқар елімен соғысқан жерін баяндайтын эпизотта батырдың Әбубәкір, Омар, Оспаннан да медет сұрағаны жырланады [1. 266 б.]. Шиға сенімінде бұл тұлғалардың ұлықталмайтыны белгілі. Олай болса, «Хикаят Көрұғлы сұлтан» нұсқасының толық шипалық бағытта жырланбағанын көре аламыз. Осы эпизоттағы Ғауазды алып қашардағы Хұнқар шаһпен соғысатын тұста, Көрұғлы Ғауыс, Қияс, Ілияс, қырық шілтендерден медет сұрап, рухани күштердің қолдауымен жеңіске жетеді [1. 266-267 б.]. Яғни, Көрұғлыға қиналған шақта қол ұшын беретін рухани күштер екені жеткізе жырланған.

Рухани күштердің көмек қолын созуы қазақтың өзге эпостарында да жиі кезігеді. Қобланды батыр жырында да батырдың рухани қолдаушысы оның жеті кәміл пірі болып келеді. Батырдың олардан бата алмай жасаған әрбір ісі кері кетіп жатады. Ал, олармен кеңесіп қылған істің айы оңынан туады. Бұл хақында С.Қасқабасов: «Ең басты қолдаушысы – жеті кәміл пірі. Ол әрқашан Қобландыны желеп-жебеп жүреді. Қобланды оны бір сәтке ұмытса, сәтсіздікке ұшырайды [4. 227 б.] деп пікір білдіреді. Көрұғлы жырына да қарайтын болсақ, батырдың рухани күштермен байланысып, олардың батасын алып барып жасаған жорықтары сәтті аяқталып жатады. Демек, бұдан «пір» культінің қазақ эпосының ажырамас атрибуты екенін аңғарамыз.

Көрұғлының өзі туралы жырланатын «Көрұғлы мен Безерген», Жамбыл және Ә.Жұмағазин нұсқаларында рухани күштердің Көрұғлыға көмек бергені туралы айтылмайды. Бірақ, Көрұғлының ұрпақтары туралы жырланатын «Үшбу Ғауазханның киссасы дүр», Қисса Ғауазхан» нұсқаларында рухани көмекшілер хақында картиналар баршылық. «Үшбу Ғауазханның киссасы дүр» нұсқасында Көрұғлының Қызыр мен Ілияспен бірге Ғауазханға дұға жасағаны айтылады [1. 275-276 бб.]. Жырдың соңында Хұнқар елінен Ғауазды алып қайтқанда: «Абад кылып үшбу жерні, Отызымда кәміл перні, Қырық шілтен білән Қызырны көрдім, арманым қалмады [1. 348 б.] деп жырлайды. Яғни, нұсқада Көрұғлы рухани күштердің өзіне пана көріп, олармен жолдас болғанын мақтанышпен айтып өтеді.

«Қисса Ғауазхан» нұсқасында да рухани күштердің Көрұғлыға көмекші екені жырланады. Ғауазхан һауадақ көліне аң аулап барып, жоғалып кеткенде, Ғайып ерен,

қырық шілтен, Қияс, Қауыс: - Көрұғлы, тез шық үйден жылдам, - деді, айналып бұл арада тұрман, - деді. Ғауазды «Алла» демей жібердіңіз, Жеті жыл әурелікте қалдың, - деді [1. 352 б.] деп, Көрұғлының қателік жасағанын һәм ұлынан айрылып қалғанын хабарлайды. «Көрұғлы» жырында қиын сәтте көбіне батырға өз туыскандары көмек береді. Әсіресе, туысканшылдық тұрғыдағы көмек берушілік Р.Мәзхожаев, Ә.Жүргенбаев, М.Ж.Көпеев, Е.Есенжолов нұсқаларында жиі көрініс береді. Ал, Көрұғлының ұрпақтарына арналған нұсқаларда туысканшылдық қатынас көбіне әке мен бала немесе бала мен әке арасында өрбиді.

Р.Мәзхожаев және Ә.Жүргенбаев нұсқаларында өзінің шыққан тегі түркімен болғандықтан Ғаждамбек (Ә.Жүргенбаев нұсқасында Кәждембек) Көрұғлының әкесі Раушанбек қызылбас патшасы Шағдаттың (Ә.Жүргенбаев нұсқасында Шаадат) қолына тұтқынға түскен кезде, оны сатып алып құлдықтан босатып, оған қызы Ақанайды (Ә.Жүргенбаев нұсқасында Ақалай) қосады. Ғаждамбек тек Раушанбектің қамқоршысы емес, кейін одан туған жиені Көрұғлыға да қолынан келген көмегін аямайды. Үргеніш еліне келіп, ол жерде үйленген әйелі Баршагүлді Көрұғлы балалықпен Райхан арабқа қашырып жібергенде, Ғаждембек жиенінің аңқаулықпен істеген ісіне де кешіріммен қарайды [1. 31-126 бб, 2. 9-85 бб.] Ал, Ғаждамбектің әйелі Күләйім де қайтыс болған қызы Ақанайдың көрде туған ұлы бар екенін біліп, тағы болып кеткен жиенін айламен қолға түсіріп, баланы өз қатарынан қалдырмай тәрбиелеп бағып-қағады [1. 80-84 бб, 2. 46-50 бб].

Нағашы мен жиеннің арасындағы туыскандық қатынасты зерттеушілер аналық дәуірдің сарқыншағына жатқызады. Фольклортанушы С.Қасқабасов қазақ мәдениетіндегі қыздан тараған ұлдың нағашысына жиендік жасауы туралы былай дейді: «Нағашының жиен өтінішін орындамауға құқығы болмаған. Жиен өзіне ұнаған нағашысының кез-келген дүниесін, ол нағашы үшін қаншалықты қымбат болса да, сұрап ала алатын. Ал, егер нағашы әлдеқандай себептермен қарсылық білдірсе (бұндай жағдай мүлде дерлік болған емес), жиеннің өз қалағанын ұрлап немесе ашық түрде алып кететін болған және нағашысы ол үшін жиеніне өкпелемеуге тиіс» [4. 78 б.]. Демек, Көрұғлы жырындағы Ғаждамбектің жиені Көрұғлыға шектен тыс қамқор болуына, осы қазақ мәдениетінің ықпалы болғанын көреміз.

Р.Мәзхожаев және Ә.Жүргенбаев нұсқаларында Көрұғлының жақын туысы ретінде сомдалатын кісілердің бірі Ғаждамбектің Үргеніш еліне келіп үйленетін әйелі Баршагүл екені белгілі. Көрұғлы Райхан арабты Көкқасқасын биесіне бір шаптырып, есесіне Райхан арабқа Баршагүлдің білегінен ұстатып, бетінен сүйгізбек болғанда, Баршагүл өзінің Райхан арабқа қолды болатынын біле-тұра жиенінің көңілін қимай, айлакер дұшпанның атына өңгеріліп кете барады [1. 92-93 бб, 2. 59-60 бб]. Алайда, Көрұғлы Ғират аты өскен шақта өзінің алғашқы жеңісті жорығын осы Баршагүлді құтқаруға аттанған сапарында жасайды. Өзін құтқаруға келген Көрұғлыға Баршагүл Райхан арабтың қызы Құрбанкүлді жетектетіп жіберіп, жауынан өшін қайтарады. Көрұғлы Құрбанкүлді алып қашып қана қоймай, Райхан арабтың жазасын шегіп зынданда жатқан Баршагүлді де құтқарып, Ғаждамбек пен Баршагүлдің алдындағы өзінің күнәсін жуып шаяды. Бірақ, эпоста кейін Ғаждамбек пен Райхан араб татуласқанда Ғаждамбек Баршагүлді талақ етіп, Райхан арабқа қосады [1. 107-125 бб, 2. 71-79 бб.]. Эпостың осы жерінде Көрұғлы жауын жеңіп тұрып Баршаны қайтадан Райхан арабқа беріп жіберетіні түсініксіздеу болғанымен, бәлкім

Ғаждамбек Райхан арабтың қызы Құрбанкүлді алуына байланысты, оқиғаның желісі осылай өрбіген болар деген ойға қаласын.

М.Ж.Көпеев және Е.Есенжолов нұсқаларындағы Көрұғлының ең жақын туысы ретінде оның шешесі Алтыншаштың інісі Бозұғлан сомдалады. Алтыншаш ақтық демін аларда ішіндегі баласын Бозұғланға аманаттайды. Бозұғлан сәл кешіккенімен, қанша уақытын сарп етіп жиенін көрмекеннен алып шығып өз қамқорына алып бағып қағады. Күйген таудағы қырық бір ерге Көрұғлы аттанарда оны қару-жарақпен қамтамасыз етеді. Жиені балалықпен әйелі Ақбілекті Райхан арабқа қашыртып алғанда, Көрұғлыға кешіріммен қарайды [1. 151-178 бб. 2. 87-110 бб.]. Ал, бұл нұсқаларда Бозұғланның әйелі Ақбілек Р.Мәзхожаев және Ә.Жүргенбаев нұсқаларындағы Баршагүлдің рөлін сомдайды. Көрұғлының Райхан арабқа алданып тұрғанын білсе де, жиенінің көңілін қимай, Райхан арабқа қолды болады. Артынан Көрұғлы құтқармақ болып келгенде өзінің орнына Райхан арабтың қарындасы Күләйімді қашыртып жібереді. Көрұғлы екінші қайтара Райхан арабқа шабуылдағанда Ақбілекті қапастан құтқарып, нағашысы Бозұғланға қосады [1. 168-204 бб, 2. 109-131 бб.]. Сөйтіп, олардың алдындағы қателігін жуып шаяды.

«Көрұғлы» жырының Р.Мәзхожаев және Ә.Жүргенбаев нұсқаларында кейіпкерді уыздай бала кезінен бағып-қағып мәпелеген Бабалы еді. Бұл екі нұсқада Бабалының туыстығы туралы дәл ештеңе айтылмайды. Бірақ, ол Ғаждамбек Раушанбекке еріп, Үргенішке ауа кеткенде, Күләйімнің қасында оған қызмет етеді. Ғаждамбектің жылқысын баққан Бабалы күндердің күнінде Ақанайдың көріне кіріп шығып жүрген Көрұғлыны көріп, оны ұстауға әрекет қылады. Не керек Күләйім екеуі рухани күштердің көмегімен Көрұғлыны қолға түсіріп, оны бауырына басады [1. 69-85 бб, 2. 43-53 бб.]. Көрұғлы буыны қатайған шақта өзінің туған елін іздеп шыққанда, Бабалы оған садақ асындырып, оны Үргенішке шығарып салады. Р.Мәзхожаев нұсқасында Көрұғлы әкесінің кегі үшін Шағдаттың елін шауып, Күләйімді құтқарған шақта Бабалыны қызылбас еліне патша етіп қойып, Шағдаттың уәзірі Бандүр Шаһманның қызы Шамсияны қосады. Ал, Ә.Жүргенбаев нұсқасында Көрұғлы Шаадатты жеңгеннен кейін оның қызы Шаһиданы Бабалыға қосады [1. 142 б, 2. 84 б.]. Әсілі, Р.Мәзхожаев және Ә.Жүргенбаев нұсқаларында Бабалы Көрұғлының нағашы ағасы немесе қамқоршы ағасы ретінде сомдалады. Көрұғлының көрмекеннен шығып, адамдарға қосылуына тікелей әсер ететін осы Бабалы болатын.

Досын жеңген жау елінің патшасы етіп қою сарыны Алпамыс батыр жырында да бар. Алпамыс батыр Тайшықты жеңгеннен кейін, оның орнына қалмақтың ханы етіп досы Кейқуатты қояды. Яғни, біз бұл жерден Р.Мәзхожаев пен Ә.Жүргенбаев нұсқасындағы Көрұғлының Бабалыны Шағдатты өлтіргеннен кейін оның орнына Бабалыны қоюы, Алпамыс батыр жырындағы Кейқуаттың қалмақ ханы болуы сюжетіне ұқсас екенін көреміз.

Көрұғлы жырының М.Ж.Көпеев, Е.Есенжолов нұсқаларында Көрұғлы ат жалын тартып мініп азамат болған шағында алғаш рет ант-су ішіп Сапабек және оған ерген қырық жігітпен достасады. Күйген тауда жорытқан қырық бір ерді көрген Бозұғлан жиенін сынамақ ниетпен оны қырық бір ерге қарсы аттандырып салады. Көрұғлының бет-алысынан ыққан Сапабек бастаған қырық бір ер каша жөнеледі. Алайда, Көрұғлы қуып жетіп, қырық бір ерді иіріп қамап ұстайды. Бірақ, олармен жауықпай, керісінше достасады. Бұдан кейін Сапабек бастаған қырық бір ер Көрұғлының нөкерлеріне айналады. Көрұғлы Һауадақ көліне аң-құс аулауға шыққанда, қырық бір ерімен шығады. Райхан араб пен Қызылбай ер текежәумітті шабуға келгенде Көрұғлы қырық бір ерімен бірге жауға қарсы тұрады. М.Ж.Көпеев және Е.Есенжолов нұсқасында Көрұғлы Арзурумға қашқан Райхан арабты шауып келуге қырық бір ерін жібергенде, олар

тұтқынға түсіп қалады. Қырық бір ерінің қамаудан құтқаруға Көрұғлы келгенде, қырық бір ер шылбырдан босанып шығып, Райхан арабтың әскерін быт-шыт қылып жеңеді [1. 201-204 бб, 2. 129-131 бб.].

«Көрұғлы» жыры нұсқаларының ішінде Сапабек пен бастаған қырық бір ердің аты «Көрұғлы мен Безерген» нұсқасында кездеседі. Көрұғлы кулықпен Безергенді өлтіргеннен кейін оның інілері кек қуып әскер шығара ма деп қорқып, ел шетіне шолғыншы етіп Сапабек бастаған қырық бір ерді аттандырады. Алайда, Безергеннің он інісі бастаған он мың әскерге жолығып, Сапабек қапияда қаза табады. Көрұғлы қайғылы жағдайды түсінде көріп, Безергеннің інілеріне қарсы қалың қол шығарып, Сапабектің кегін қайтарып, олардың сүйегін Жамбылбелге әкеліп жерлейді [2. 138-150 бб.].

Бұл нұсқада Сапабек Көрұғлының айтқанын екі етпейтін досы ретінде, ал, Көрұғлы Сапабектей досының кегін қайтаратын тұлға ретінде сомдалады.

«Көрұғлының» түрік нұсқаларында Көрұғлының баласы Хасан және асырап алған балалары Әуез бен Демиржиұғлынан кейінгі ең сенімді жолдасы Көсе Кенан деп көрсетілген. Бехчет Махир Көсе Кенанды суреттегенде былай дейді: «Көсе Кенанның мәрттігі, баһадүрлығы соншалық, ол соғысқа барарда егерде соғысатын әскер саны мың, екі мың болғанда ондай аз әскерің үшін мені мазалама, мен соғысқанда кем дегенде қырық күн соғысып шаршауым керек, бір-екі күндік шайқас мен үшін шайқас емес, менімен соғысатын әскердің саны кем дегенде он мың болу керек» [5. 66.]

«Көсе Кенан – Дөне ханым» нұсқасындағы Көсенің Адоубектің қызы Дөнеге көңілі түсіп соны аларда сыннан сыйға түсіп қалғандағы ерліктері ерекше жырланады. Адоубек Көсеге қызын берерде менің қызым мұндай жігітке, мәртке лайық» [5. 68-76.]. - деп береді. Демек, Көсе шын мәнінде әрі мәрт әрі баһадүр.

Бехчет Махир Көсе Кенанның «Көрұғлы Хан Нигар» нұсқасында дәруіштерді және мұсапірлерді ұнатпайтынын айтады. Себебі, ретінде де бұл кісілерінің Көрұғлына не бір сұлудың немесе бір баһадүрдің атын, елін атап жақтап қауіп төндіріп жатқандарын көрсетеді [5. 80].

Үміт Кафтанжиұғлының жинағында Көсе Кенанның данышпандық және ағалық мінездерін байқауға болады. «Болыбек» нұсқасында Көсе Кенан Көрұғлы Болыбекке тұтқынға түспек болып Ыстанбұлға аттанарда, «жындысың ба. Ыстанбұлға (патшаға) таудың мәрттігі жүрмейді. Болыбек сені масқара қылады. Сатқындық жасайды», - дейді. Бірақта Көрұғлы Көсені тыңдамай Болыбекпен кетеді. Көсенің Көрұғлыға айтқанның бәрі келеді. Демек, ол көреген. Онын да себебі, Көсе Кенан бұрын патшаның қызметінде істеген. Сол үшін олардың айлаларын жақсы біледі. «Болыбек» нұсқасында Көсе Кенанды суреттегенде былай делінген: Шамлыбелге кім келсе сол келсін. Тамақ та, шарап та бірінші Көсе Кенанның алдына қоюлуы керек еді. Айтпағанда ол ашуланып ренжиді. Бір күні тамақ бірінші қонаққа беріледі. Шарап та бітіп қалады. Осыған ренжіп көңілі қалған Көсе Кенан «Демек, қартайдық, сыйдан, құрметтен айрылды» деп ренжиді. Көрұғлы әрең дегенде оның көңілін орнына түсіреді [6. 15 ].

Бұл мінез Көсе Кенанның Шамлыбелдің нағыз сыйлы адам екенін көрсетеді. Оның еркелігі, дөрекелігі, бәрі-бәрі ылғи да кешірімді. Өйткені, ол батыр, сол үшін Көрұғлы алдында сыйлы. Ол ақылды данышпан, сондықтанда құрмет иесі.

Көрұғлының Анадолы нұсқаларында батырдың мынадай достары болғаны айтылады: Киік Ахмет, Дебе Дашак, Топал Дурсун, Абулобуд, Диірмен Аурт, Фырқырк Мурун, Тоз Копаран, Тепе Делен, сондай-ақ, бұнымен бірге кейбір нұсқаларда 1999 әскері болғаны айтылады (64 бет). Үміт каптанжолуның зерттемелерінде Көрұғлының Көсе

Кенан, Райхан араб, Желали Мехметбек, Әуез Кизероғлу, Қожабек Демиржиоғлу, Муртты Жүсіп атты үзеңгілес серіктерінің аты аталады [б. 36].

«Көрұғлы» жырының қазақ және түрік нұсқаларындағы кейіпкердің достарының образы негізінен бір-біріне ұқсамауымен ерекшеленеді. Қазақ нұсқаларында кейіпкердің достары ретінде көбіне рухани күштер мен туыстары көрсетілсе, түрік нұсқаларында кейіпкердің достары көбіне-көп оның өзіне ұқсайтын тұлғалар болып келеді. Бұдан шығатын қорытынды, «Көрұғлы» жырының қазақ нұсқаларына өзге қазақ эпостырының ықпалы мол болғанын, ал, түрік нұсқалары өмірлік шындыққа жақындау, яғни, хикаялық фольклордың әсері бар екенін байқаймыз.

### **Әдебиеттер:**

1. Бабалар сөзі. 48 том. – Астана, «Фоллиант». 2008
2. Бабалар сөзі. 49 том. – Астана, «Фоллиант». 2008
3. Профессор, др, Фузули Баят. Көрұғлы шаманнан ашыққа, алыштен ерене. Акшағ иайынлары. 89 б. Анкара 2003. 176 б.
4. С.Қаскабасов. Ой өріс. «Астана Полиграфия». 2009
5. Бехчет Махир. Köroğlu. Sevinç Matbası. Ankara. 1973
6. Үміт Қафтанжыұғлы. «Көрұғлы Қоллары». Büyük Doğu Yayınevi. İstanbul. 1974

### **Резюме**

Целью этого материала в котором рассматривается и анализируется народный эпос «Короглу» в казахском и других тюркских вариантах, является раскрытие образов друзей главного героя и сделаны новые выводы и предложены новые концепций.

### **Resume**

The purpose of this material which is reviewed and analyzed national epos «Koroglu» in Kazakh and other Turkic variants, is the disclosure of images of the head of the hero's friends and made new findings and suggest new concepts.

### **Özet**

Bu makalede “Köroğlu” eposunun kazak ve türk türevlerinin analizi hedef olarak alındı ve onunla ilgili yeni çözümler yapıldı.